

# ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС

Тақырыбы: Қысқа мерзімді  
активтерді талдау және аудиттеу

Студент :Рустембекова Гаухар

“Есеп және аудит” мамандығы

Жетекшісі: э.ғ.д, профессор Ержанов  
М.С



# Тақырыптың актуалдығы

- Компанияның төлемге қабілеттілігі мен қаржылық тұрақтылығы көбіне бизнеске салынған қаржының қаншалықты тез айналысқа түсетіндігінде және шынайы табыс әкелетіндігіне байланысты болады.
- Қысқа мерзімді активтердің мекеме қызметін үздіксіз ұдайы жүргізуге қосатын үлесі көп, сондықтанда олардың жағдайын қарастыру, есебін жүргізу, пайдалануына талдау жүргізу әрдайым қажет. Бұл тақырып өзектілігі осымен айқындалады.

# Дипломның мақсаты мен міндеті:

- Дипломдық жұмыс мақсаты компанияның мәліметтеріне сүйене отырып қысқа мерзімді активтердің есебін ұйымдастыру тәртібін көрсету, сондықтан осы кәсіпорынның өндірісті ұйымдастыруын қарастыру, негізгі экономикалық көрсеткіштеріне талдау жүргізу және қысқа мерзімді активтердің жағдайына жан-жақты зерттеу. Мекеме қызметін жақсарту жолдарын анықтап ұсыну.



- ЖШС «Dealing and Company» өз мақсаттарына сәйкес өз қызмет турлерін мынадай бағыттарда жүзеге асырады:
- сауда-саттық, коммерциялық, делдалдық қызметтер
- өндірістік-техникалық өнімдер мен халық тұтынатын тауарларды өндіру және сату;
- азық-түлік, халық тұтынатын тауарлардың фирмалық дүкендері арқылы көтерме және бөлшек сауданы ұйымдастыру;



# негізгі қаржы-экономикалық көрсеткіштері

№	Көрсеткіштер	Өлш. бірл.	Іс жүзінде		Ауытқу (+,-)
			2012ж.	2013ж.	
1.	Өнімді және қызметтерді өткізуден түскен табыс	мың тг	62031,8	249109,6	187077,8
2.	Өткізілген өнімнің, қызметтердің өзіндік құны	мың тг	46598,6	208595,9	146564,1
3.	Жалпы пайда (зиян) (1-2)	мың тг	15433,2	40513,6	25080,4
4.	Кезең шығыстары	мың тг	9060,2	23567,2	14507
5.	Өзге де түскен табыс (зиян)	мың тг	-297,4	1529,6	1232,2
6.	Пайда (зиян), барлығы	мың тг	4953,2	13416,4	8463,2
7.	Жұмыскерлердің орташа тізімдік	адам	32	30	-2

- Өнімді өткізуден түскен есептік жылы өткен жылмен салыстырғанда 187077,8 мың тг өсті және 249106,9 мың.тг құрайды. Жұмысшылар саны 2 адамға азайған, ал орташа жылдық еңбек ақысы 117,5 мың тенгеге өсті немесе 837,5 мың. тг болды. Жалпы пайда 25080,4 мың тенгеге көбейген, бірақ кәсіпорының кезен шығындар көп бөлігін 23567,2 мың тенгені құрайды. Ұйымның 2012 және 2013 жылдарда табыстылығы бар деп айтуға болады. Сонда екі жылдың нәтижелері кәсіпорының табысы бар деп көрсетеді және 2012- жылымен салыстырғанда ол 8463,2 мың.тг көбейген және 13416,4 мың.тг болды. Негізгі құралдардың бағасы 391,7 мың тг. өсуін көрсетеді және 3107 мың.тг

- «Қысқа мерзімді активтер» тарауы 7 тармақтан және жалпы саны 35 синтетикалық счеттар тізімінен тұрады. Қысқа мерзімді активтер ұйымның экономикалық ресурстарына жатады. Бұлар бір жыл ішінде айналысқа түсіп, ақшаға айналуы немесе осы ұйымға ақшалай табыстар келтіру керек.



- Қысқа мерзімді активтерді айналым қаражаттары деп те атайды. Мұндағы активтердің көптеген жекелеген түрлері сатуға немесе бір жыл ішінде (бухгалтерлік баланс жасалған соң) ақша қаражаттарына айналу керек.
- Тиімді пайдалану мерзімі анықталмаған немесе келесі есепті жылға көшірілген активтер құны амортизацияланбайды және бұлардың бастапқыдағы құны жыл сайын қайта бағаланады.



# Қорлардың есебі

- Материалдық босалқы қорлардың барлық түрін есепке алу 1300 “Босалқылар” бөлімінің негізгі, активті мүліктік шоттарында жүзеге асады. Бұл бөлімше құрамына төмендегі синтетикалық шоттар кіреді:
- 1310 «Шикізаттар мен материалдар»
- 1320 «Дайын өнімдер»
- 1330 «Тауарлар»
- 1340 «Аяқталмаған өндіріс»
- 1350 «Басқалай босалқылар»
- 1360 «Босалқыларды есептен шығару резерві»

- Мекемелер мен ұйымдардың басқа заңды немесе жеке тұлғалардан оларға сатқан тауарлары, көрсеткен қызметтері, сондай-ақ аванс ретінде алдын ала төлеген төлемдері үшін алашақ борыштары – берешек қарыздар (деп аталады. Осы мекемелер мен ұйымдарға берешек борышы бар заңды және жеке тұлғалар дебиторлар болып табылады. Өтелетін уақытына қарай алынуға тиісті берешек қарыздар ағымдағы алынуға тиісті болып екіге бөлінеді. Бұл қарыздар есебі 1210

- Аудит дегеніміз бұл қаржылық есеп беруді, шаруашылық жүргізуші кәсіпорындардың берген есебінің дұрыстығын анықтау мақсатында олардың қаржы-шаруашылық қызметі туралы алғашқы құжаттар мен басқа да ақпаратының есебін, оның толықтығын және қолданылып жүрген заңдар мен белгіленген нормативтерге сәйкестігін тәуелсіз түрде тексеру.

- Қысқа мерзімді активтер аудиті материалдық қорлардан басталады. Оларға баланстың мынадай ірілендірілген баптары жатады: материалдар, аяқталмаған өндіріс, дайын өнім, тауарлар.



- Қысқа мерзімді активтер баптарын тексеру кезінде баланс, Бас кітап, қысқа мерзімді активтер есебі жүргізілетін шоттар, сәйкесті карточкалар, журнал-ордерлер және басқа есеп регистрларындағы теңдіктің сақталуы белгіленеді: синтетикалық және аналитикалық мәліметтердің сәйкестілігін анықтау маңызды.



- Қысқа мерзімді активтерді пайдалану тиімділігінің төмендегенін олардың бекіту коэффициенті де куаландырады.
- Қысқа мерзімді активтердің бір жылда айналым жылдамдығының 2,0-тен 5,1-ге артқандығын көруге болады, соның нәтижесінде бір айналымның ұзақтығы 110 азайған, бұл көрсеткіш серіктестіктің қаржы жағдайының жоғарылағының көрсетеді. Талдау жасаған кезеңде қысқа мерзімді активтерге салынған қаражаттың толық өтелуімен қайтадан ақша түріне келуі өткен жылғы мен салыстырғанда 110 күнге қысқарып отыр.

## серіктестігінің қысқа мерзімді активтерінің айналымдылығының көрсеткіштері

Көрсеткіштер	2012жыл	2013 жыл	Ауытқуы (+, -)
1. Өнімдер сатудан түскен табыс, мың теңге	62031,8	249109,6	187077,8
2. Қысқа мерзімді активтердің орташа шамасы, мың теңге	30878,6	48278,2	17399,6
3. Қысқа мерзімді активтердің айналымдылық коэффициенті (1 қатар: 2 қатарға)	2,0	5,1	3,1
4. Қысқа мерзімді активтердің бір айналымының күнмен есептелген ұзақтығы 360:3 қатар	180	70	-110

- Кестеден қысқа мерзімді активтердің бір жылда айналым жылдамдығының 2,0-тен 5,1-ге артқандығын көруге болады, соның нәтижесінде бір айналымның ұзақтығы 110 азайған, бұл көрсеткіш серіктестіктің қаржы жағдайының жоғарылағының көрсетеді. Талдау жасаған кезеңде қысқа мерзімді активтерге салынған қаражаттың толық өтелуімен қайтадан ақша түріне келуі өткен жылғы мен салыстырғанда 110 күнге қысқарып отыр.



# мынандай ұсыныстарымызды айтқымыз келеді:

- - әлдеде болса елдегі тауарлармен салыстырғанда бәсекелестікке толық ене алмағандықтан бұл ұйымның өнімдері толық сұраныс таппай отыр.
- - материалдардың кіріске алынуы мен босатылуын бақылап, қадағалап отыратын бөлімнің жұмысын автоматтандыратын болса көп уақыт үнемдеуге болар еді. Ал бұл өнімділікті арттыруға септігін тигізері сөзсіз.

